



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 14 маусым

### **Данияр Ақышев сақтандыру туралы заң жобасының негізгі бағыттары туралы айтып берді**

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев бүгін ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысында баяндама жасай отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының негізгі бағыттары туралы айтып берді.

Ол сақтандыру бойынша түзетулерде 5 негізгі бағыт ұсынылғанын атап өтті: онлайн-сақтандыруды енгізу, шетелге шығатын қазақстандықтарды сақтандыру тәсілдерін өзгерту, жүктелген сақтандыруды енгізу, сақтандыру омбудсманының функцияларын кеңейту арқылы дауларды реттеу тетігін жетілдіру, сондай-ақ өмірді сақтандырудың әлеуметтік маңызды түрлері бойынша қосымша кепілдік беру жүйесін кеңейту.

Онлайн-сақтандыру туралы айта келе, Д. Ақышев Қазақстанда өңірлердегі, бірінші кезекте облыс орталықтары мен ауылдардағы қаржылық қызметтердің қолжетімділігі маңызды екендігін атап өтті. «Біздің мақсатымыз - қашықтан сақтандыру қызметтерін алған кезде азаматтар үшін жағдай жасау. Халық пен кәсіпорындар сақтандыру компаниясының кеңсесіне бармай және агенттердің делдалдық қызметтерін пайдаланбай, интернет арқылы шарттар жасай алады. Шалғай орналасқан елді мекендердің тұрғындарына сақтандыру полисі үшін облыс орталығына бармайтын немесе делдалдардың қызметіне жүгінбейтін жағдай жасалады. Болашақта делдалдардың болмауы сақтандыру құнын төмендетуге әкеледі», - деп атап өтті.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы сонымен қатар онлайн-сақтандыруды енгізу заңнамалық түзетулерді ғана емес, мемлекеттік органдардың ауқымды жұмысын да талап ететіндігін атап өтті. «Министрліктер мен ведомстволардың дерекқорларын ықпалдастыру жылдамдатылды. Қадағалау органдарының техникалық жабдықталуын арттыру талап етіледі. Азаматтардың сақтандыру дерекқорындағы барлық деректерінің барынша қорғалуын қамтамасыз ету қажет», - деп қорытындылады ол.

### **Данияр Ақышев туристерді сақтандыру схемасының өзгерістері туралы айтып берді**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында шетелге шығатын туристерді сақтандыру схемасын өзгерту көзделеді. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысында баяндама жасаған кезде айтып берді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы атап өткендей, қазір туроператордың қателескені дәлелденсе ғана туроператордың жауапкершілігін сақтандырған кезде

сақтандыру құжаты жұмыс істейді. «Бірақ бұл жағдай сирек кездеседі. Турист, әдеттегідей, негізінен денсаулығына зиян келтірілуге байланысты өзінің проблемаларымен жалғыз қалады».

Д. Ақышевтың айтуынша, заң жобасы схеманы өзгертуді көздейді. «Туроператор жолдаманы сату кезінде туриске сақтандыру сертификатын беруге міндетті. Сақтандыру сертификатында шетелдегі медициналық қызметтер бойынша көмекті тәулік бойы ұйымдастыратын халықаралық компаниялардың деректері көрсетіледі. Шетелде сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру компаниясы медициналық қызметтерге ақы төлеу, шұғыл медициналық көмек және репатриациялау бойынша шығыстарды өтейді», - деп түсіндірді ол.

Қазақстан Ұлттық Банкі басшысының ақпараты бойынша, туроператор үшін сақтандыру құны жоғары болмайды - күніне 320-330 теңгеге жуық. 3-16 млн. теңгеге дейін шығындар сақтандырылады.

### **Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы жүктелген сақтандырудың енгізілуі және сақтандыру омбудсманы қызметінің кеңейтілгені туралы айтып берді**

Жүктелген сақтандыру – белгілі бір мамандықтар үшін міндетті болып табылатын сақтандыру. Алайда оның талаптары тікелей заңмен емес, сақтандыру компаниясы мен оның клиенті арасындағы шартпен айқындалады. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы туралы баяндама жасаған кезде айтып берді.

Қазақстан Ұлттық Банкі басшысының айтуынша, жүктелген сақтандыруды енгізу сақтандыру компаниясына да, оның клиентіне де шартта икемді сақтандыру талаптарын көздеуге мүмкіндік береді. «Тәуекелдердің нақты тізімін айқындау арқылы клиенттер үшін дұрыс тарифтер белгілеуге болады. Клиентке жеке қарау осы жүктелген сақтандырудың негізгі артықшылығы болып табылады», - деп атап өтті ол.

Д. Ақышев сақтандыру нарығындағы дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманы қызметінің кеңейтілгені туралы еске салды. «Сақтандыру омбудсманының өкілеттіктері сақтандырудың барлық түрлеріне қолданылады. Қазіргі уақытта оның өкілеттіктері тек автокөлік иелерінің жауапкершілігін сақтандыруға ғана қолданылады. Жеке тұлғалардың және шағын кәсіпорындардың даулары қаралады. Даулардың сомалары – 10 мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе 24 миллион теңге. Осы лимит халықаралық тәжірибеге сәйкес белгіленген», - деді Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы.

### **Данияр Ақышев қор нарығын дамыту бойынша жоспарланып отырған шаралар туралы айтып берді**

Бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысында баяндама жасай отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында көзделген қор нарығын дамыту бойынша түзетулер туралы айтып берді.

Қазақстан Ұлттық Банкі басшысының айтуынша, Бірыңғай тіркеушіні және Орталық депозитарийді бір ұйымға біріктіру болжанып отыр. Бұл түзету шығындарды оңтайландырып, бірыңғай дерекқордың қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Қор нарығына қатысушылардың қызметін жеңілдету үшін инвестициялық қорлардың жұмыс істеуін жеңілдету, бағалы қағаздар нарығының субъектілері үшін барлық рәсімдерді қысқарту ұсынылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы заң жобасының шеңберіндегі тағы бір шара ретінде компанияларды қор нарығына шығуға ынталандыруды атап өтті.

«Эмитенттердің ақпарат жариялауды қайталау жойылады, сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымы проспектісі электрондық форматқа ауыстырылады және басқа шаралар жүзеге асырылады», - деп атап өтті Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 858

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)